

"Алматыэлектркөлік" ЖШС
Бас директоры
Б.К.Мурзакаримовтың
2022 жылғы "28" маусым
№ 0211/22 бүйрұғымен
бекітілген

**«Алматыэлектркөлік» ЖШС қызметкерлеріне арналған
сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі
нұсқаулық**

Алматы қ., 2022 жыл

1. Құжаттың мақсаты және жалпы ережелері

1. Осы «Алматыэлектротранс» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қызметкерлері үшін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық және Серіктестік) Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына және Серіктестіктің ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

2. Осы Нұсқаулық сыйбайлас жемқорлық бағытындағы іс-әрекеттерге не жататынын айқындейді, сыйбайлас жемқорлық сипатындағы ахуал туындаған жағдайда Серіктестік қызметкерлері іс-әрекеттерінің тәртібін белгілейді.

3. Осы Нұсқаулықта келтірілген талаптар ең аз қажетті болып табылады және нақты жағдай үшін толық және/немесе шектеуші ретінде қарастырылмауы тиіс.

2. Қолданылу аумағы

2.1. Осы Нұсқаулық Серіктестіктің барлық қызметкерлерінің танысуы және мұлтіксіз сақтауы үшін міндетті болып табылады.

3. Терминдер мен анықтамалар.

3.1. Осы Нұсқаулықта мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) **сыйбайлас жемқорлық** - жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өзінің (қызметтік) өкілеттіктерді және олармен байланысты мүмкіндіктерді жеке өзі немесе дедалдар арқылы (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтарды өзі не үшінші тұлғалар үшін, сол сияқты осы адамдарды игіліктер мен артықшылықтар беру арқылы сатып алу;

2) **сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл** - сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу жөніндегі өз өкілеттіктері шегіндегі сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қызметі және оларды жою салдары;

3) **лауазымды адам** - Серіктестікте ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды тұрақты немесе уақытша орындаитын адам;

4) **әкімшілік-шаруашылық функциялар** - Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен берілген Серіктестіктің тенгеріміндегі мүлікті басқару және оған билік ету құқығы

5) **ұйымдық-өкімдік функциялар** - Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен Серіктестік қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті бұйрықтар мен өкімдер шыгару, сондай-ақ Серіктестік қызметкерлеріне қатысты көтермелеген шаралары мен тәртіптік жазалар қолдану құқығы;

6) **мұдделер қақтығысы** - Серіктестіктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің жеке мұдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл ретте аталған тұлғалардың жеке мұдделері олардың өздерінің лауазымдық міндеттерін орындамаудына және (немесе) тиісінше орындамаудына әкеп соғуы мүмкін;

7) **коммерциялық сатып алу** - ақшаны, бағалы қағаздарды, мүлікті немесе көрсетілетін қызметтерді қандай да бір іс-әрекеттер (немесе әрекетсіздік) жасағаны үшін басқарушыға заңсыз беру (немесе алу);

8) **пара беру** - бұл лауазымды адам қабылдаған материалдық құндылықтар (мән-жайлар немесе ақша) немесе әрекет (немесе әрекетсіздік) үшін қандай да бір мүліктік пайда немесе қызмет көрсету, бұл адам өзінің қызмет бабына байланысты пара берушінің мұддесінде жасай алған немесе жасауға тиіс әс-әрекеті;

9) **пара талап ету** - лауазымды адамның пара берушінің немесе ол өкілдік ететін адамдардың занды мұдделеріне залал келтіруі мүмкін іс-әрекеттер (немесе әрекетсіздік) жасау қатерін төндіре отырып, жараны талап етуі не өзі мәжбүр болатын жағдайларды қасақана жасауы, зиянды зардалтарды болдырмау мақсатында пара беру;

10) **пара алушы** - пара алған адам;

11) **пара беруші** - пара беруші адам;

12) **қызметкер** (қызметкерлер) - Серіктестікпен еңбек қатынастарында тұрган жеке тұлға.

3.2. Қолданылатын, бірақ осы Ииструкцияда ашылмаға анықтамалар Қазақстан Республикасының заңнамасында, Серіктестіктің Жарғысында және өзге де ішкі құжаттарында пайдаланылатын анықтамаларға сәйкес келеді.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсат пен міндеттер.

4.1. Қазақстан Республикасында пара алу және беру жөніндегі әрекеттер заңға қайшы және ҚР Қылмыстық кодексінің және ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің әрекетіне жатады;

4.2 Егер ақшалай қаражат, мүлік, материалдық қызмет көрсету түріндегі мүліктік пайда - оның келісімімен жақын туыстарына не лауазымды адамның немесе Серіктестік қызметкерінің жекжаттарына берілсе, не егер ол бұған қарсылық білдірмесе және өзінің қызметтік өкілеттігін пара берушінің пайдасына пайдаланса, лауазымды адамның іс-әрекетін пара алу ретінде саралау керек.

Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заңдарға сәйкес ақшалай қаражатпен, бағалы қағаздармен және өзге де мүлікпен қатар өтеусіз

көрсетілетін, бірақ төлеуге жататын (туристік жолдамалар беру, пәтерді жөндеу, құрылымдың және т.б.) мүліктік сипаттағы пайда пара мен коммерциялық сатып алудың нысанасы болуы мүмкін.

4.3. Пара алу және пара беру дегеніміз бір қылмыстық үлгідегі екі түпкілікті жақ, егер сөз пара туралы болса, пара алушы (пара алушы) және оны беретін (пара беруші) бар дегенді білдіреді.

4.4. Пара алу - ең қауіпті лауазымдық қылмыстардың бірі, әсіресе, егер оны адамдар тобы жасаса немесе лауазымды адамның заңды немесе заңсыз іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін артықшылықтар мен пайда алуы болып табылатын қорқытып алышылықпен қоса жүрсе.

4.5. Пара беру - лауазымды адамды заңды немесе заңсыз іс-әрекеттер (әрекетсіздік) жасауға не берушінің пайдасына қандай да бір артықшылықтар беруге, алуға көндіруге, оның ішінде жалпы қорғаншылық немесе қызмет бабында жол беруге бағытталған қылмыс.

4.6. Параның заттары санамалмаған болуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді:

1) заттар, ақша, оның ішінде: валюта, банк чектері және бағалы қағаздар, бағалы металдар мен тастардан жасалған бұйымдар, автомашиналар, тамақ өнімдері, бейнетехника, тұрмыстық аспаптар және басқа да тауарлар, пәтерлер, саяжайлар, қала сыртындағы үйлер, гараждар, жер участкелері және басқа да жылжымайтын мүлік;

2) пайда: емдеу, жөндеу және құрылымдық жұмыстары, санаториялық және туристік жолдамалар, шетелге сапарлар, ойын-сауық және басқа да шығыстарды өтеусіз немесе төмендетілген құн бойынша төлеу;

3) параның бүркемеленген нысаны - қарызға немесе жоқ қарызды өтеу түріндегі банктік несие, төмендетілген бағамен сатып алғынған тауарларға ақы төлеу, тауарларды жоғарылатылған бағамен сатып алу, паралоршыға, оның туыстарына, достарға женілдетілген несие алу, дәрістер, мақалалар, кітаптар, казинодағы «кездейсок» ұтыс, қарызды кешіру, жалдау ақысын азайту, кредит бойынша пайыздық мөлшерлемелерді ұлғайту және т.б.

4.7 Мұдделер қақтығысын болдырмау немесе реттеу туралы шектеулерді, тыйым салулар мен талаптарды, жалдаушының (жұмыс берушінің) өкілін сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға көндіру мақсатында өтініштер туралы хабардар ету міндеттін, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл мақсатында белгіленген өзге де міндеттерді сактау маңызды.

Кейбір сөздерді, сөйлемдерді және қимылды айналасындағылар пара беру туралы өтініш (ишара) ретінде қабылдауы мүмкін екенін атап өткен жөн.

Мұндай әрекеттерге, мысалы, мына көрсетілгендермен шектелмейтін:

- 1) «Мәселені шешу қыын, бірақ мүмкін»;
- 2) «Рахметті нанға жаға алмайсың»;
- 3) «Келісерміз»
- 4) «Мейлінше салмақты дәлелдер қажет»;
- 5) «Параметрлерді талқылау қажет»;
- 6) «Сонымен, не істейміз?» және т.б. жатады.

Ұйым өкілдерімен және азаматтармен, әсіреке олардың пайдасы лауазымды тұлғалардың шешімдері мен іс-әрекеттеріне байланысты болғандармен белгілі бір тақырыптарды талқылау да пара беру туралы өтініш ретінде қабылдануы мүмкін.

Мұндай тақырыптардың қатарына, мысалы:

- 1) жалақының төмен деңгейі және rex немесе өзге де қажеттіліктерді іске асыруға ақша қарожатының жетіспеуі;
- 2) қандай да бір мүлікті сатып алғысы келмеуі, қандай да бір қызметті алғысы келмеуі, туристік сапарға шығуы;
- 3) лауазымды адамның туыстарында жұмыстың болмауы;
- 4) лауазымды адамның балаларының білім беру мекемелеріне түсү қажеттілігі және т.б.

Лауазымды адамнан шығатын белгілі бір ұсыныстар, әсіреке, егер олар пайдасы олардың шешімдері мен іс-әрекеттеріне байланысты ұйымдар мен азаматтардың өкілдеріне жолданса, пара беру туралы өтініш ретінде қабылдануы мүмкін. Мұндай ұсыныстар жақсы ниетпен туындаған және лауазымды адамның жеке пайдасымен ешқандай байланысты болмаған жағдайда да мүмкін. Мұндай ұсыныстардың қатарына, мысалы, мынадай ұсыныстар жатады:

- 1) лауазымды адамға және (немесе) оның туыстарына женілдік беруге;
- 2) анықталған бұзушылықтарды жою, мемлекеттік келісімшарт шенберінде жұмыстарды орындау, қажетті құжаттарды дайындау үшін нақты компанияның және (немесе) сарапшылардың қызметтерін пайдалануға;
- 3) нақты қайырымдылық қорына ақша салуға;
- 4) нақты спорт командасын ұстау және т.б.

5. Сыбайлас жемқорлық бағытындағы ықтимал жағдайлар және коммерциялық сатып алу, сондай-ақ мінез-құлық қағидалары бойынша ұсынымдар.

5.1 Арендатулар:

Қызметті алуға өтініш білдірген азаматтар, бөлімшениң қызметін тексеруді жүзеге асыратын лауазымды тұлғалар тараапынан ықтимал арендатушылықты болдырмау үшін:

- 1) келушілер орналасқан қызметтік үй-жайларды және жеке заттарын (киім, портфельдер, сөмкелер және т.б.) қараусыз қалдырмауға;
- 2) келуші кеткеннен кейін жұмыс орнында немесе жеке заттарында қандай да бір бөгде заттар табылған жағдайда, ешқандай дербес әрекет жасамай, дереу басшылыққа баяндауға міндетті.

5.2 Пара талап ету:

- 1) параны және/немесе коммерциялық сатып алуды қабылдауға не дайындығы, не үзілді-кесілді бас тартуы ретінде түсіндірілуі мүмкін елеусіз сөздерге жол бермей, өзін өте абайлап, сыпайы, ұқыпты ұстау;
- 2) Сізге ұсынылған шарттарды (сома мөлшерін, тауарлардың атауын және қызмет көрсету сипатын, параны беру мерзімдері мен тәсілдерін,

коммерциялық сатып алу нысанын, мәселелерді шешу дәйектілігін) мүқияттындауға және нақты есте сақтауға;

3) пара және/немесе коммерциялық пара нысанасын беру уақыты мен орны туралы мәселені келесі әңгімеге дейін ауыстыруға және келесі кездесу үшін Сізге жақсы таныс орынды ұсынуға тырысуға;

4) әңгімелесуде бастама көтерменіз, көбірек «қабылдауға жұмыс істеңіз», әңгімелесушіге «сөйлесуге», Сізге барынша көп ақпарат беруіне мүмкіндік беріңіз;

5) пара беруге немесе коммерциялық пара алуға Сіздің келісіміңіз болған жағдайда Сіздің мәселенізді шешудің кепілдіктері туралы сұраңыз;

6) Сізде диктофон болған жағдайда пара және/немесе коммерциялық сатып алу нысанасы туралы ұсынысты (жасырын) жазуға тырысуға;

7) осы факті туралы жоғары тұрған органға қызметтік басшылықта;

8) дайындалып жатқан қылмыс туралы жазбаша немесе ауызша хабарламамен сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға не 1424 Call-орталығына жүгінуге құқылы.

5.3 Мұдделер қақтығысы:

1) мұдделер қақтығысының кез келген мүмкіндігіне мүқият қарауға;

2) мұдделер қақтығысының туындауының кез келген мүмкіндігін болдырмау жөнінде шаралар қолдануға;

3) Серіктестіктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің мұдделері қақтығысын болдырмау және реттеу жөніндегі саясатқа сәйкес әрекет етіңіз.

6. Сыбайлас жемқорлық сипатындағы ахуал кезіндегі қызметкерлердің іс-әрекеттерінің алгоритмі.

6.1 Сыбайлас жемқорлық сипаттағы жағдай туындаған жағдайда Серіктестіктің лауазымды адамы немесе қызметкери өз қалауы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға немесе Call-орталыққа ауызша немесе жазбаша өтініш бере алады 1424.

6.2 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға өтініш жасаумен қатар, Серіктестіктің лауазымды адамы немесе қызметкери осы Нұсқаулыққа сәйкес Серіктестіктің басшылығын осындай жағдайлардың туындағаны туралы хабардар ету жөнінде шаралар қолдануға тиіс.

6.3 Хабарлау тәртібі:

1) Серіктестіктің қызметкери сыбайлас жемқорлық сипаттағы жағдайлар туралы тікелей басшыға хабарлайды;

2) Құрылымдың бөлімшениң басшысы сыбайлас жемқорлық сипаттағы жағдайлар туралы Серіктестік директорының жетекшілік ететін орынбасарына хабарлайды;

3) Директордың орынбасары сыбайлас жемқорлық сипаттағы жағдайлар туралы Серіктестіктің директорына хабарлайды

Бұл ретте кезеңдердің бірінің болмауы сыбайлас жемқорлық сипаттағы жағдайлар туралы Серіктестіктің Директорына дейін иерархия бойынша келесіге хабарламауға негіз болып табылмайды.

6.4 Серіктестіктің лауазымды тұлғасы немесе қызметкері мүмкіндігінше өзінің дәлелдері бойынша дәлелдемелік базаны (*куәгерлер, құжаттар, хат алмасу, оның ішінде мессенджерлер, аудио және бейне материалдар және т.б. арқылы*) ұсынады және оны уәкілетті орган ретінде және алгоритмге сәйкес жоғарғы басшылыққа береді.

7. Жауапкершілік

7.1 Серіктестіктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін КР заңнамасымен белгіленген жауапкершілікте болады.

7.2 Сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін тиісті жауапкершілік шаралары қолданылған Серіктестіктің лауазымды адамдары мен қызметкерлері Қазақстан Республикасы сотының занды күшіне енген шешімі бойынша болмаса, Серіктестікке келтірілген материалдық залалды өтеуден босатылмайды.

7.3 Осы Нұсқаулық талаптарының орындалуы үшін жауапкершілік өз күзыреті шеңберінде Серіктестіктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне жүктеледі.

Құрастырған:

**Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы құрес
комплаенс-қызмет офицері**

А. Есенғалиев